

ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚ № 1

Тақырыбы: Желілік құрылғылардың негізгі параметрлерін баптау: IP адресстерді, желі маскаларын, көмейлер, DNS серверлері.

Сабақтың мақсаты: Желідегі компьютерді идентификациялау. Компьютер атын ауыстыру. Желідегі компьютерлерді іздеу, көру және олардың ресурстарын қолдануға рұқсат алу. Желілік дискілерді қосу. Желіде компьютерді координатор ретінде тағайындау. Microsoft желі инспекторы арқылы тұтынушылардың ресурстарына рұқсат алуды бақылау. Microsoft желілік ресурстарын көріп шығу және командалық жолдан желілік дискілерге қосылу.

Орындауға арналаған әдістемелік нұсқау: Желілік қосу қасиеті терезесінде компьютеріңізде қандай желілік плата орналасқаның анықтаңыз. Желілік қосу қасиеті терезесін шақыру үшін Желілік қамтама белгісіне тышқанның оң батырмасын басу және ашылған тізімде Қасиет пунктін таңдаңыз. Желілік қосу терезесінде (Network Connection) Локалды желі арқылы қосу (Local Area Connection) белгісін таңдаңыз (егер желілік қосу бірнеше болса, онда белгілер де бірнеше болуы мүмкін) және оған тышқанның оң батырмасын басып тағы да Қасиет терезесіне өтіңіз (Properties). Осыдан кейін Желілік қосу терезесінің қасиеті сұхбат терезесі (Local Area Connection Properties) ашылуы керек, осы жерде қосуды ұйымдастыру үшін қандай құрылғы пайдаланылғаны (мысалы, Realtek RTL8139/810X Family PCI Fast Ethernet NIC арқылы қосылу) және таңдалған қосылуда қандай компоненттер пайдаланылатыны көрсетіледі. Сіздің компьютеріңізде орнатылған қызметтер және хаттамалар тізімін қарап шығып, олардың жұмыстарымен танысыңыз.

1. Желілік қамтама қапшығынан желідегі сіздің компьютеріңізді көрсететін белгіні табыңыз. Компьютеріңіздің Желідегі басқа да қолданушылардың қолы жетімді болатын барлық қапшықтары мен файлдарын қарап шығу үшін оған екі рет басыңыз.

2. Желідегі басқа компьютерлермен байланыс жасау үшін оның белгісіне екі мәрте басыңыз. Бұл кезде желідегі басқа компьютердің сіз қол жеткізе алатын барлық қапшықтарын қарап шыға алатын жаңа терезе ашылады.

3. Желідегі басқа компьютерлердің қапшықтарын қарап шыққаннан соң, кейін пайдаланғыңыз келетін қапшыққа жұмыс столында желілік қапшыққа арналған ярлық. Бұл үшін оның белгісін жұмыс столына тышқанның оң батырмасы көмегімен тасымалдап, Ярлық құру командасын таңдаңыз.

Драйверді жаңарту

Желілік адаптер драйверін жаңарту бойынша келесідей қадамдар орындау қажет:

1. *Құралдар диспетчері* сұхбат терезесін ашамыз ол үшін келесі командалар орындалады: *Бастау – Басқару панелі – Жүйе* командаларын орындаймыз, ашылған терезеде *Құрылғылар* қабатында *Құралдар диспетчері* сұхбат терезесін ашамыз.

2. Ашылған тезеден керекті желілік платаны таңдап аламыз.


3. Әрекеттер менюінен *Қасиеттер* командасын орындап, терезенің Драйвер қабатына көшеміз.

4. Сұхбат терезедегі *Драйвер жаңарту* командасын орындаймыз (сурет 3).



Сурет 3 Желілік адаптер қасиеті терезесі

5. Ашылған Драйверді жаңарту сұхбат терезесінде Ары қарай батырмасын басып (сурет 4), ашылған терезеде қажетті платаны таңдаймыз (сурет 5).



Сурет 4 Драйвер құрылғысын жаңарту мастері терезесі



Сурет 5 Желілік драйвер платасын таңдау терезесі

Құрылғыларды жаңарту мастері келесідей қадамдардан тұрады:

1) Бірінші терезеде бағдарламалық қамсыздандуды іздеуге арналған Window Update түйініне қосылуды рұқсат етудің бірнеше критерийлері көрсетіледі.

2) Ары қарай желілік адаптер драйвері дискісінің құрылғысымен бірге келген жағдайда оны дискі арқылы орнату қадамы көрсетіледі.

3) Бағдарламалық жасақтаманы іздеу терезесі содан соң Жаңа құрылғының жұмысқа дайындығын көрсететін терезе шығады.

4) Қадамдарды орындап біткеннен кейін драйвер жұмысының қалыпты орындалуы үшін ДК-ді қайта жүктеу талап етіледі.


Дербес компьютерді желі жұмысына дайындау

Ол үшін ең алдымен компьютерде желілік адаптердің болуы және оның операциялық жүйеде дұрыс орнатылғандығына көзімізді жеткізу керек. Ол үшін келесідей қадамдар орындалады:

1) Бастау – Басқару панелі – Жүйе командасы, ашылған терезеде Құрылғылар қабатында Құралдар диспетчері сұхбат терезесін ашамыз;

2) Ашылған терезеден керекті желілік платаны таңдаймыз.

Ашылған бұл сұхбат терезесінде орнатылған желілік адаптер жұмысының қалыпты екенін көруге болады (сурет 6).



Сурет 6 Желілік адаптер жұмысының дұрыстығын және компьютер арасындағы функционалдығын көрсететін терезе.

Әрбір орнатылған желілік плата үшін жүйе желілік қосылуды құрады. Желілік қосылуды көру және баптау үшін келесі командаларды орындау қажет

1 *Бастау – Басқару панелі – Желілік қосылу* Жергілікті желі бойынша қосылудың Қасиеттер бөлімін таңдаймыз Ашылған сұхбат терезесінде Жалпы қабатын таңдаймыз (сурет 7).




Сурет 7 Желілік қосылу қасиетінің терезесі

Ашылған сұхбат терезесінде келесідей компоненттерді орнату қажет:

- 1 *Microsoft желілерінің клиенті* – Microsoft желі ресурстарына қол жеткізуді жүзеге асырады
- 2 Microsoft желі принтері мен файлдарына қол жеткізуді жүзеге асыру қызметі – желідегі басқа компьютерлерге Microsoft желісі өзінң принтерлері мен файлдарына қол жеткізуді жүзеге асырады
- 3 TCP/IP Интернет хаттамасы – желі ішінде жіне желіліер арасында пакеттердің адресациялау және қатынауды қамтамасыз ететін маршрутталған хаттама

TCP/IP Интернет хаттамасының Қасиеттер терезесін ашамыз Ашылған терезеде келесі IP адресі қолдану белгішесіне басамыз. Бұл сұхбат терезесінде IP адресі, ішкі желі маскасын және негізгі шлюз адрестерін таңдау қажет (сурет 8). IP адрестерінің автоматты түрде қойылуы Интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар компьютерлерде қойылады.



Сурет 8 TCP/IP қасиеті терезесі

Тәжірибелік жұмысты орындау алдында желі түйінін сәйкесінше таңдау керек. Әдетте, желілік бағдарламалық камсыздандыруды: барлық протоколдарды, клиенттерді және қызметтерді сонымен қатар желі адаптер драйверін жоюға болады.

Тапсырмалар:

- 1) Персональды компьютерлерді TCP/IP хаттама ағымындағы бағдарламалық камсыздандыруды орнатып, тіркеу.
 - а) ұсынылып отырған және қолданыстағы сервер клиенті;
 - б) Біррангілі локальды желінің локальды компьютері.
- 2) Бағдарламалық камсыздандырудың дұрыс орнатылуын бағалау және жинақтау үшін, берілген барлық персональды компьютерлерді тіркеу нұсқалары үшін локальды желі арқылы Тәжірибелік жұмыстарды жүргізуді орындау. Бұл мақсатпен эксперимент алгоритмін, қарастырылған нәтижелерді тіркеп аналитикалық бақылау және Тәжірибелік жұмыс бойынша есепті өңдеу.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Желілік қосудың қасиеттері терезесін қалай шақыруға болады?
2. Желіге қосылу үшін қандай құрылғылар пайдаланылады?
3. Желі адаптеріннің драйверін қалай қайта орнатуға немесе жаңа версиясын орнатуға болады?

Есеп беру формасы: электрондық нұсқасын оқытушыға жіберу